

*А. Б. Рахметуллаев, педагогика және басқару теориясы кафедрасының доценті, полиция подполковнигі*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

## **ПО қызметкерлерінің педагогикалық мәселесі ретінде**

*Аннотация. Мақалада автор педагогикалық іс-әрекет арқылы тұлғаның тәрбиесін қалыптастыру. Тәрбие процесі, оның мәні мен өзіндік ерекшеліктері қарастырылады.*

*Түйін сөздер: педагогикалық іс-әрекет, танымдық, оқу-тәрбие, тұлға, ұйыдастырушылық іскерлік, зерттеушілік іскерлік.*

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құруға ұмтылыс жасалып отырған қазіргі кезде еліміз үшін оның теориялық негіздерін айқындап, нақты іс-қимыл стратегиясын жасау маңызды мәселе болып отыр. Кез келген әрекет ғылыми тұрғыда негізделіп, мақсатты, жоспарлы түрде іске асырылса ғана тиімді нәтиже беретіні түсінікті.

Құқықтық мемлекетті құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету адамның құқығы мен еркіндігін нақты сақтаудан, мемлекеттің өз азаматы алдындағы және азаматтың өз мемлекеті алдындағы жауапкершілігінен, заңның абсолютті жоғары құндылыққа айналуынан, оны барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, азаматтардың мүлтіксіз сақтауынан тәуелді болып табылады. Осындай факторлардың қатарынан заңдардың орындалуын қамтамасыз етуші ішкі істер органдарының тиімді жұмысын ерекше бөліп көрсету керек. Тиісінше, егер аталған орган қызметкерлерін даярлау барысында олардың әлеуметтік-құқықтық салада жұмыс істей алу және осы сала ерекшеліктеріне орай қызмет ету дағдыларын қалыптастыратын болсақ, құқықтық мемлекеттің тиімді жұмыс істеуінің бір тетігін қамтамасыз етеміз. Тұлғаның көп қырлылығы бәрінен бұрын адамның басқа биологиялық тірліктен негізгі айырмашылығы оның сана-сезімі мен ойлау қабілетінің бар болуымен ерекшеленеді. Санасы мен ойлау қабілеті тұлғаның әлеуметтік бастауын анықтайды. Философиядағы тұлға мәселесі — бұл біріншіден адам әлемде қандай орын алады, және де ол шын мәнісінде ме, бірақ, «...адам кім бола алады, яғни, адам өз өмірінің қожайыны бола ала ма немесе өзін өзі жасап және өз өмірін өзі құра ала ма». Педагогика үшін тұлғаның философиялық және әлеуметтік тұжырымдамасының маңызы өте зор, өйткені тұлға маңыздылығын айқындау үшін соңғы шыққан нүктесіне сәйкес өзі соған қатысты және сонда өз қызметі мен рөлін орындайтын әлеуметтік жүйе болып табылады. А. Н. Леонтьев «жеке адам» және «тұлға» ұғымдарына анықтама бере отырып, сол және басқа тұтастықта бейнеленген олардың қиылысу аясын анықтайды «жеке адам» үшін оны «генотиптің пайда болуымен», «тұлға» үшін әлеуметтік фактормен анықтаған жағдайда осы тұтастықты талдау негізінде бұл түсініктерді бір-бірінен ажыратып көрсетеді. Осыны негізге ала отырып ол мынадай түсінік береді: «Тұлға адамның қоғамдық-тарихи және генетикалық дамуының соңғы өнімі». К. К. Платонов тұлға құрылымын төрт бөліктен тұрады деп пайымдаған:

– әлеуметтік қамтамасыз етілген ішкі бөлігі (бұл бөліктің ерекше қасиеті тұлға азаматтығының желісіне мінездеме беріп, іс-әрекеттің барлық бағытындағы белсенділіктің көріну себебін айқындайды);

– жеке қалыптасқан тәжірибе;

- психикалық процестердің дара ерекшеліктері;
- тұлғаның биологиялық (генетикалық) қасиеті.

Сол сияқты Б. Г. Ананьевта тұлғаның бір-бірімен өзара әрекетінің негізгі төрт қырын бөліп көрсетеді: «биологиялық ерекшеліктері, дара психикалық процестердің ерекшеліктері, тұлға тәжірибесі, тұлғаның әлеуметтік сапасы».

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері — оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық прогрестің тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және спецификалық көрініс табу арқылы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады. Бұл орайда, «адам», «жеке тұлға» деген ұғымдардың қатары «даралық» деген ұғыммен толықтырылуы қажет.

Адам қасиетін түсіндіретін тағы бір ұғым — «индивид». Бұл сөз латын тілінен алынған және оның қазақша баламасы — «жекелік». Ұғым ретінде бұл сөз адамзат тұқымының еш қасиеттері ескерілмеген бір өкілін білдіреді. Бұл орайда әрбір адам индивид болып табылады. «Жеке тұлға» ұғымы мен онымен байланысты бір тектес ғылыми категориялардың мәні осында.

Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан, жеке тұлғаның «дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып отыр.

Даму табиғатқа, қоғамға және әрбір жеке тұлғаға тән жалпы қасиет болып табылады. Даму дегеніміз — төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс, сатылай эволюциялық ауысу немесе революциялық түрінде жүзеге асатын жоғары сапалы күйге қарай спиральды өрлеу.

### **РЕЗЮМЕ**

Автор рассматривает формирование и воспитание личности как основную задачу педагогической деятельности, раскрывает сущность воспитательного процесса и его индивидуальные особенности.

### **RESUME**

In this article author views the methodics of pedagogical activity of the teacher, allowing to reach results in the formation of knowledge, abilities and skills of the learner.